Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 22-26.09.2025

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Дәйексөз: «Баланы ойын өсіреді»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</i> https://zvyki.com/song/90528959/Haly_k_j_-_Ke_es/ Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту. оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға сенімділік пен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру. Балаға өз мүмкіндіктерін тануға көмектесу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	«Өнегелі 15 минут» Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, үстел ойындары (жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау				

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	үстел ойыны. «Ойыншықтар қалашығы» Міндеті: әр түрлі материалдардан заттар құрастыру	Үстел ойыны. «Қызықты лото». Міндеті: логикалық ойлау қабілетін дамыту.	Үстел ойыны. «Сиқырлы қапшық» Міндеті: балалардың қолымен ұстап, сезу қабілеттерін дамыту.	Үстел ойыны. «Кім көп жинайды?» Міндеті: балалардың қолымен ұстап, сезу қабілеттерін дамыту	Үстел ойыны. «Лего» Міндеті: әр түрлі материалдардан заттар құрастыру
Таңертенгі жаттығу	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні Таңғы жаттығу. №4 жиынтық				
Таңғы ас	« Өнегелі 15 минут » Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Жуынған кезде суды үнемдеп жуыну дағдыларын қалыптасу. « Өнегелі 15 минут » Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге балалардың көмегімен заттар мен материалдарды әзірлеу. Балалардың әсерлерімен бөлісу, ойын әрекетіне заттар мен құралдарды дайындауға көмектесу.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған еркін әрекет	Дене тәрбиесі Жүру: жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Қимылды ойын: «Мені қуып жете аласыңба?» Тіл дамыту Міндеті: Ызың дыбыстарды (ж,з,л,с,у,ш) анық айтуға жаттықтыру «Сүйкімді тиінмен ойнаймыз» ойыны	Дене тәрбиесі Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу Қимылды ойын: «Қонжыққа кім тез жетеді» Қазақ тілі Міндеті: Айналасындағы өзін қоршаған заттар туралы талқылауға мүмкіндік беру. «Жапырақтарды жинаймыз» ойыны ★ Айналасындағы өзін қоршаған заттар	Тіл дамыту Міндеті: Үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. «Күзгі ағаштар» ойыны Көркем әдебиет Міндеті: кітапқа деген қызығушылықтарын ояту ★ Үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру Жапсыру Міндеті: шығармашылық қабілетті қалыптастыру, қиялды дамыту	Дене тәрбиесі өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүруді қалыптастыру Қимылды ойын: «Кімнің үйі» Математика негіздері Міндеті: Тең немесе тең еместігін анықтай білуге қалыптастыру. «Жіп орамы» ойыны Құрастыру Міндеті: Дайын	Тіл дамыту Міндеті: Артикуляциялық аппаратты қалыптастыру. «Көңілді күн» ойыны Көркем әдебиет Өлеңдерді жаттауға қалыптастыру ★ артикуляциялық жаттығулар жасату Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу

	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Көркем сөзді қайталап айтуға қалыптастыру</p> <p>★ ызың дыбыстарды айтқызу</p> <p>Сурет салу Міндеті: Бір заттың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуға қалыптастыру.</p> <p>Музыка Музыка тыңдау: тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру.</p> <p>Аспапта ойнау: Сылдырмақ</p>	<p>туралы талқылау</p> <p>Математика негіздері Міндеті: Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыруға үйрету</p> <p>Мүсіндеу Міндеті: Бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге баулу</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру ("Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын").</p>	<p>құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету,</p>	<p>Музыка Музыка тыңдау: тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру.</p> <p>Аспапта ойнау: Сылдырмақ</p>
Серуенге дайындық	<p>Бірінші өз шкафтарына барып оны өздері ашып киіну реттілігін сақтауға үйрету, өздері киінуіне жағдай жасау. Бір біріне кедергі келтірмей, киінуге дағдыландыру</p> <p>Өзіне –өзі қызмет ету дағдылары</p>				
Серуен	Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау	Күн — жылу мен жарық көзі	Гүл егілген клумбаны бақылау	Ағаштарды бақылау Міндеті:	Жапырақтардың түсуін бақылау

	<p>Міндеті: Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау Қимылды ойын "«Бәйге»." "Үш орындық" Еркін ойын</p>	<p>Міндеті: күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; Еңбек: Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Қимылды ойын: «Түлкі мен қояндар». Еркін ойын</p>	<p>Міндеті: өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау; Еңбек: Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» аясында «Тақия тастамақ» ойынын ойнату еркін ойын</p>	<p>күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру; Еңбек: Ауладағы тастарды жинау Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Асық ату» Қимылды ойын: «Қуып жет».. Еркін ойын</p>	<p>Міндеті: табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; Еңбек: жапырақтарды жинау Қимылды ойын: «Допты ұста» Еркін ойын</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың өздері шешінуін қадағалау Қиналған балаға көмек беру. гигиеналық шараларды орындау. «Өнегелі 15 минут» Жуыну барысында суды үнемдеуге үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>				
Түскі ас	<p>Ас үстінде өздерін дұрыс ұстауға үйрету Нанды екі қолымен үзіп жеуге дағдыландыру Қасықты оң қолдарына ұстап, төкпей ішуге дағдыландыру Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) «Өнегелі 15 минут» тамақтанып болғасын ас қайтару (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату</p>	<p>«Ұр торпақ» ертегісін оқу</p>	<p>«Әлди –әлди ұйықтай ғой»</p>	<p>«Бауырсақ» ертегісін тыңдату</p>	<p>«Ұйқыдағы ару» ертегіні тыңдау</p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Баяу, жәй дауыспен балаларды ұйқыдан ояту. Төсекте жатып ұйқыашар жаттығуларын жасату.</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық дағдылар «Өнегелі 15 минут» Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну Ұқыпты тамақтануға үйрету Асқа отырғанда тыныштық сақтауға үйрету Астан кейін ас қайтаруға дағдыландыру Астан соң қолдарын ауыз қуысын шаюға баулу</p>				

Балалардың дербес іс-әрекеті	«Суреттерді орналастыр» Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту	Музыка Үйірме жұмысы «Орнымыздан тұрайық Алақанды ұрайық» «Артығын тап» Міндеті: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту.	Вариативтік білім беру бағдарламасы: «Ертегілер әлемі» «Үйшік» ертегісі Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз»	Вариативтік білім беру бағдарламасы: «Қазақ ертегілері арқылы балалардың ұлттық дүниетанымын кеңейту» «Нан қайдан шығады?» ертегісі.М.Етекбаев» ертегісі Қауіпсіздік сабағы Тақырыбы: Үйдегі қауіпті заттар	«Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты: пішіндерді дұрыс орналастыруға дағдыладыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс Ахмадқа Ызың дыбыстарды (ж,з,л,с,у,ш) анық айтуға жаттықтыру	Жеке баламен жұмыс Нұрасылға заттарды жұппен қоюға үйрету	Жеке баламен жұмыс Ай-Жұлдызға үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.	Жеке баламен жұмыс Зейінге тең немесе тең еместігін анықтай білуге қалыптастыру.	Жеке баламен жұмыс Алиханға мәнерлеп ән айтуға үйрету
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, топтық ережелерді сақтау,				
Серуен	Қимылды ойын «Допты кім қағып алады?» «Өз үйінді тап» «Кім тез жетеді» Еркін ойындар				
Серуеннен оралу	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету .Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Қимылды ойын «Поезд» Еркін ойындар	Қимылды ойын «Аттар» Еркін ойындар	Қимылды ойын «Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар	Ұлттық ойын «Ақ серек, көк серек» Еркін ойындар	Әр аптаның жұма күні балаларды тасымалдаушы көлікпен үйлеріне алып барып ата-анасына тапсыру

Балаларды үйге қайтуы	«Энергияны шығындамай, тиімді тұтыну» тақырыбында үйден балалармен әңгіме жүргізуге кеңес беру .Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).
-----------------------	---

Ұйымдастырылған іс әрекеттер күні бойы жүргізіледі.

Тәрбиешілер: Айнадинова Гулбану Агимақызы

Жолдыбаева Жансая Серікқызы

Тексерілді: 
Әдіскер: Саттыкова А.А

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: "№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Топ: Ересек «Балапан» тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 29.09 - 3.10.2025

ҚАЗАН – «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» АЙЫ

Дәйексөз: Ойында өрелік жоқ, Ханда төрелік жоқ»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 29.09.2025	Сейсенбі 30.09.2025	Сәрсенбі 1.10.2025	Бейсенбі 2.10.2025	Жұма 3.10.2025
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</i> «Қос алқа» күйі https://zvyki.com/song/188839023/os_al_a_-_D_ulet_kerej_-_os_al_a/ Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту Мейірімділікпен жылы лебізбен қарсы алу				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Баламен жылы және тез қоштаса біліңіз!» - балабақшаға әкелгенде жылы сөз айтып, күліп және тез қоштасу, баланың көңіл-күйін көтереді және қимастық сезімінен арылып, жылауын азайтады, тәуелсіздікке үйретеді.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	«Өнегелі 15 минут» Апта дәйексөзінің мағынасын түсіндіру, жаттату Міндеті: балаларға апта дәйексөзінің мағынасымен таныстыру, өмірмен байланыстыра түсіндіру.				
	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Сауда үйі» (қаржылық сауаттылық қалыптастыру)	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Сән салоны» Міндеті: балаларды сұлулық салонындағы	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Емхана» Міндеті: дәрігер мен медбике еңбегінің	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Автосервис» Міндеті: балаларды автосервис қызметімен	«Гүл суару кестесі» - әр бала кезекпен топтағы гүлдерді суарып, өсімдікті

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: балаларды сауда жасауға, дүкендегі ережелерді сақтауға үйрету. Рөлдік әрекет арқылы сөздік қорын байыту	қызмет түрлерімен таныстыру.Шаштараз, визажист, клиент рөлдерін ойнап, қарым-қатынас орнатуға үйрету.	маңыздылығын түсіндіру. Рөлдерді бөлісіп, әртүрлі жағдаяттарды ойдан шығарып ойнау.	таныстыру. Механиктің еңбегімен таныстырып, құрал-саймандарды дұрыс қолдануға үйрету.	күтуге дағдыландыру (Жасыл балабақша жобасы)
Таңертенгі жаттығу	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні Таңғы жаттығу. №2 жиынтық				
Таңғы ас	« Өнегелі 15 минут » Балаларды тамақтанар алдында қол жуғызу. Жуынған сәтте суды үнемдеп жуыну дағдыларын қалыптасыру. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған біс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу. Балалардың әсерлерімен бөлісу, ойын әрекетіне заттар мен құралдарды дайындауға көмектесу.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған еркін әрекет	<p>Дене тәрбиесі Міндеті: Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойын: «Ішінде, сыртында»</p> <p>Музыка Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру Музыкалық-</p>	<p>Дене тәрбиесі Міндеті: Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойын: «Аңшы мен қоян» Қазақ тілі Міндеті: Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-</p>	<p>Тіл дамыту/ Көркем әдебиет Міндеті: Жылдам сөйлеуді қалыптастыру үшін жаңылпаштар айтқызу. Міндеті: Жаңылтпаштарды жаттауға қалыптастыру ★ сөздер дұрыс айтылуын қалыптастыру «Кім бірінші?» ойыны Жапсыру Міндеті: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: баланың санау дағдыларын дамыту, 1 затты бөліп көрсету Дене тәрбиесі Міндеті: Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойын: «Аққулар жүзеді» Құрастыру Міндеті: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және</p>	<p>Музыка Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; Билер: Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге</p>

	<p>ырғақтық қимылдар: Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; Билер: Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> <p>Тіл дамыту/ Көркем әдебиет Міндеті: Сөйлеу қарқынын өзгертуді қалыптастыру: ақырын сөйлеуді қалыптастыру үшін тақпақтар айтқызу. Міндеті: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға қалыптастыру</p> <p>★ Тақпақты тәрбиешімен бірге қайталатып айтқызу «Жылдам-баяу пойыз» ойыны</p> <p>Сурет салу Міндеті: Қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылықтарын ояту.</p>	<p>күйін жеткізуге қалыптастыру</p> <p>★ қуану, ренжу эмоциясын қимылмен көрсету «Айна» ойыны</p> <p>Математика негіздері Міндеті: 1 санымен таныстыру</p> <p>Мүсіндеу Міндеті: Жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуге үйрету</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.</p>	<p>Міндеті: Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге баулу</p>	<p>кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу</p>	<p>ықпал ету.</p> <p>Тіл дамыту / Көркем әдебиет Міндеті: Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын қалыптастыру. Міндеті: Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға үйрету</p> <p>★ сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын қалыптастыру «Дұрыс айт-ұпай ал» ойыны</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін ауа-райына қарап қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)</p> <p>Өзіне –өзі қызмет ету дағдылары</p>				

Серуен	<p>Мысықты бақылау Міндеті: балаларды үй жануары –мысықтың қозғалысын, тамақтануын, дауысын, қимылын бақылау. Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинап, қапшыққа салу. Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр,қуырмаш»</p>	<p>Желдің соғуын бақылау. Міндеті: балаларға желдің бағыты мен күшін қарапайым деңгейде түсіндіру. Бақылау арқылы ойландыру Еңбек: ауладағы қоқыстарды жинауға көмектесу Ұлттық ойын: «Қарамырза»</p>	<p>Қыркүйек гүлін бақылау. Міндеті: балаларды гүлдің сыртқы құрылымымен (сабағы, жапырағы,гүлі) таныстыру Еңбек: шағын сыпырғышпен алаңды сыпыруға қатысу Ұлттық ойын: «Бөрік жасырмақ»</p>	<p>Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау Міндеті: Балаларды сәбіз бен қызылшаның сыртқы түрімен, түсімен, пішінімен, дәмімен таныстыру. Топырақта өсетінін түсіндіру Еңбек: Гүлдердің тұқымын жинау. Ұлттық ойын: «Үкі-үкі»</p>	<p>Ересектердің жұмысын бақылау. Аула сыпырушы Міндеті: Балаларды аула сыпырушының құралдарымен таныстыру, еңбегін бақылату. Еңбек: Ауладағы ойыншықтарды жинау Ұлттық ойын: «Ханталапай»</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұру дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>				
Түскі ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) «Өнегелі 15 минут» Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын,майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Табиғат дыбыстарын (құстар, су сылдыры) қосу. Балалар әуен ырғағымен баяу тыныстап, ұйқыға кетеді</p>	<p>«Ойыншықтарда ұйықтайды» әдісі арқылы ұйықтату, өздерінің сүйікті ойыншықтарын қасына жатқызу</p>	<p>Ертегі оқып беру «Жақсылық пен жамандық»</p>	<p>«Әлди-әлди» әнімен ұйықтату.</p>	<p>Аудиоертегі қосып қою «Бауырсақ» ертегісі</p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету Ортопедиялық жол бойымен жүргізу,майтабандылықты болдыр мау</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық дағдылар «Өнегелі 15 минут» Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты</p>				

	және қол орамалды пайдалануды үйрету.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Домино» ойыны Міндеті: Балалардың зейінін, есте сақтауын, логикалық қабілетін қалыптастыру	Музыка Үйірме жұмысы «Қасықты аламыз Әуенге ілесіп,кәнекей соғамыз» «Лото» ойыны Міндеті: Балаларды түстерді, пішіндерді, заттарды ажыра отырып, салыстыруға үйрету	Вариативтік білім беру бағдарламасы: «Ертегілер әлемі» «Көкөністер айтысы» ертегісі Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру Тақырыбы: «Балабақшам-екінші үйім»	Вариативтік білім беру бағдарламасы: «Қазақ ертегілері арқылы балалардың ұлттық дүниетанымын кеңейту» «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісі Қауіпсіздік сабағы Тақырыбы: «Топтағы тәртіп ережелері»	«Құрастырмалы пазл» ойыны Міндеті: балалардың қол моторикасын, байқағыштығын жетілдіру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс Нұрасылға моншақ тізу қол икемділігін қалыптастыру	Жеке баламен жұмыс Аңсарға дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру, сөздік қорын байытуға арналған жаттығулар жасату	Жеке баламен жұмыс Жаратханға тіл табысуда қиналады, ертегі оқып беру арқылы, ойын арқылы сөйлету	Жеке баламен жұмыс Мерейге жеке әңгімелесу арқылы әдептілікке, тазалыққа, өзі-өзі күтуге баулу	Жеке баламен жұмыс Нұрханымға дауыссыз дыбыстарды анық айту дағдыларын қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Серуеннен оралу	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету .Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Жерге жатып бейнелеу әрекеті Міндеті: балалардың бейнелеу әрекетіне қызығушылықтарын арттыру.	«Кім бірінші?» қимылды ойыны Міндеті: есту, зейін қою қабілетін жетілдіру	Қимылды ойын: «Аш қасқыр» Міндеті: қимыл шапшандылығын қалыптастыру	Мульттоптама көрсету «Қазақ ертегілері»	
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Егер бақытты, сәтті адам тәрбиелегіңіз келсе, балаңызға күн сайын өте жақсы көретініңізді айтудан шаршаманыз				

Ұйымдастырылған іс әрекеттер күні бойы жүргізіледі.

Тәрбиешілер: Айнадинова Гулбану Агимакызы
Жолдыбаева Жансая Серікқызы

Тексерілді: 
Әдіскер: Саттыкова А.А.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: "№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Топ: Ересек «Балапан» тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 06.10 -10.10.2025

ҚАЗАН – «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» АЙЫ

Дәйексөз: «Отанды сүю отбасынан басталады»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 06.10.2025	Сейсенбі 07.10.2025	Сәрсенбі 08.10.2025	Бейсенбі 09.10.2025	Жұма 10.10.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күй: Жезкиік https://zvyki.com/song/154328185/Sazgen_sazy_-ZHezki_k/ Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	« Өнегелі 15 минут » -Баланы қол жууға, заттарын орнына қоюға, бет орамалды қолдануға дағдыландыру. Тазалықты еңбек пен әдетке айналдыру. Кеңес: Баланы заттарын өз орнына қоюға үйреткенде алдымен бірге орындап, кейін өздігінен жасату				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	« Өнегелі 15 минут » Апта дәйексөзінің мағынасын түсіндіру, жаттату Міндеті: балаларға апта дәйексөзінің мағынасымен таныстыру, өмірмен байланыстыра түсіндіру.				
	« Гүл суару кестесі » - әр бала кезекпен топтағы гүлдерді суарып, өсімдікті күтуге дағдыландыру (Жасыл балабақша жобасы)	« Кімге не керек? » Міндеті: Әр кейіпкердің кәсібіне байланысты заттарды дұрыс сәйкестендіруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту,	« Дыбысқа қарай тап » Міндеті: Балалардың есту қабілетін жетілдіру, дыбысты ажыратып, оған сәйкес бейнені табуға жаттықтыру, зейінін арттыру	« Қайда жасырынып тұр? » Міндеті: Байқағыштықты арттыру, ұсақ-түйекке назар аударуға үйрету, есте сақтау мен ойлау	« Саусақ саяхаты » – Саусақтарды әр түрлі бағытқа қозғалту арқылы қиял мен қозғалыс үйлесімін дамыту.

		қоршаған орта туралы білімін кеңейту..		қабілетін дамыту	
Таңертенгі жаттығу	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні Таңғы жаттығу. №2 жиынтық				
Таңғы ас	«Өнегелі 15 минут» Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған біс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу. Балалардың әсерлерімен бөлісу, ойын әрекетіне заттар мен құралдарды дайындауға көмектесу.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған еркін әрекет	<p>Дене тәрбиесі Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, Қимылды ойын: «Алманы жеткіз»</p> <p>Музыка Музыка тыңдау: Ән сипатын ұғынады, әннің көңіл-күйін бере білуге қалыптасады. ; Ән айту: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың тактісімен алақандарды соғады. музыканың кіріспесін</p>	<p>Дене тәрбиесі Міндеті: тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.Қимылды ойын: «көкөністер жинаймыз»</p> <p>Қазақ тілі Міндеті: Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында</p>	<p>Тіл дамыту/ Көркем әдебиет Міндеті: Фонематикалық естуді қалыптастыру: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға қалыптастыру.”Жемістер ді жинаймыз”ойыны</p> <p>Жапсыру Міндеті: Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Жақын туыстарын білуге,</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. «Бес саусақ» ойыны</p> <p>Дене тәрбиесі Міндеті: қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</p> <p>Қимылды ойын:«Бірге секіру» Құрастыру Міндеті: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру,</p>	<p>Музыка Музыка тыңдау: Ән сипатын ұғынады, әннің көңіл-күйін бере білуге қалыптасады. ; Ән айту: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың тактісімен алақандарды соғады. музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастауды қалыптастыру.</p> <p>Тіл дамыту / Көркем әдебиет Міндеті: Фонематикалық естуді қалыптастыру: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді</p>

	<p>ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастауды қалыптастыру.</p> <p>Тіл дамыту/ Көркем әдебиет Міндеті: Сөйлеу қарқынын өзгертуді қалыптастыру: ақырын сөйлеуді қалыптастыру үшін тақпақтар айтқызу. Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p>★ «Алманы терейік» ойыны Сурет салу Міндеті: Сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын, түстерді қолдану шеберлігін арттыру.</p>	<p>әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға қалыптастыру. «Бақша дағы көкөністер» ойыны</p> <p>★</p> <p>Математика негіздері Міндеті: Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Мүсіндеу Міндеті: Жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуге үйрету. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.</p>	<p>олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу,</p> <p>Құрастыру Міндеті: қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге композиция құрастыру</p>	<p>құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p>Жапсыру Міндеті: Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу</p>	<p>есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p>«Қолшатыр» ойыны</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету</p> <p>Жапсыру Міндеті: Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Құрастыру Міндеті: құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады</p>
Серуенге	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар,				

дайындық	дербес әрекет) Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік. Балабақшада тәртіпті сақтау, бір-біріне зиян келтірмеу, ойыншықтарды дұрыс пайдалану.				
Серуен	«Жаңбырдан кейінгі табиғат» Міндеті: Жаңбырдан кейінгі өзгерістерді көрсету. Еңбек: Сумен ойнамауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Шалшықтан атта». «Ақсерек-көксерек»	«Салқын самал» Міндеті: Балаларды салқын ауада дұрыс киінуге баулу. Еңбек: Қол орамалды алып жүруді үйрету. Қимылды ойын: «Желкенді кеме». «Алтыбақан»	«Күн мен түннің ауысуы» Міндеті: Күннің қысқарып, түннің ұзаруын түсіндіру. Еңбек: Ойыншықтарды жинайды. Қимылды ойын: «Түн мен күн». «Орамал тастау»	Бақылау атауы: «Үй құстары» Міндеті: Үй құстарымен таныстыру. Еңбек: Құстарға дән шашу. Қимылды ойын: «Тауық пен балапандар». «Ақбайпақ»	«Жапырақ түсуі» Міндеті: Жапырақтардың жерге түсуін бақылап, әсемдігін сезіндіру. Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау. Қимылды ойын: «Жапырақтар ұшады». «Сақина салу»
Серуеннен оралу	"Үнемді тұтыну": өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастып				
Түскі ас	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. (Музыка ән тыңдау дағдысы	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (Көркем әдебиет, Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды - қол белде: басты оңға, солға, алға, бұру. -кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен кәтеру. -оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу.				
Бесін ас	Үнемді тұтыну Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге дағдыландыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Асхана Міндеті: Ас әзірлеу	Дүкен Міндеті: Сатып алу-	Вариативтік білім беру бағдарламасы:	Вариативтік білім беру бағдарламасы:	«Жануарлар әлемі» Міндеті: Балалардың

	мен дастархан мәдениетін түсіндіру. Шарты: Балалар біреуі – аспаз, біреуі – қонақ рөлін ойнайды. Аспаз қонаққа «ас пісіреді», қонақ оны «дәм татады» және ризашылығын білдіреді.	сату қарым-қатынасын үйрету, сөйлеу мәдениетін дамыту. Шарты: Бір бала сатушы, екіншісі сатып алушы болады. Сатып алушы қажетті затын сұрайды, сатушы «сатты» деп береді, ал сатып алушы «ақша төлеп», алғыс айтады.	«Ертегілер әлемі» «Көкөністер айтысы» ертегісі Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру Тақырыбы: «Балабақшам-екінші үйім»	«Қазақ ертегілері арқылы балалардың ұлттық дүниетанымын кеңейту» «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісі Қауіпсіздік сабағы Тақырыбы: «Топтағы тәртіп ережелері»	жануарлар туралы білімін арттыру, үй және жабайы жануарларды ажырата білуге үйрету, жануарларға қамқорлық сезімін қалыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс Міндеті: Балаларға сурет салу барысында түрлі-түсті қаламмен суретті дұрыс бояуды үйрету.	Міндеті: Қазақ тілінде сөздерді дұрыс айтуға баулу. Іс-әрекет барысы: «Сәлемдесу» ойыны: балалар амандасып, қазақ тіліндегі сөздерді қайталайды.	Міндеті: Мүсіндеу дағдыларын дамыту. Іс-әрекет барысы: Пластилиннен шар және таяқша жасау.	Міндеті: Отбасы мүшелерін тану. Іс-әрекет барысы: Суреттен әке, ана, аға, апа деп атау, рөлдік ойын ойнау.	Міндеті: Коммуникативтік қабілетті арттыру. Іс-әрекет барысы: Балалар бір-біріне «жақсы сөз» айтып, жылы қарым-қатынас орнатады.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау				
Серуен	Қимылды ойын «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар	Ұлттық ойын- ұлт қазынасы: «Арқан тарту» Ұлттық құндылықтарды дамыту дағдысын қалыптастыру Еркін ойындар	Қимылды ойын «Өз үйінді тап» Еркін ойындар Қауіпсіздік дағдыларын дамыту	Қимылды ойын «Күн мен жаңбыр» Еркін ойындар Экологиялық мәдениетті қалыптастыру	Қимылды ойын «Үш орындық» Еркін ойындар Қауіпсіздік дағдыларын дамыту
Серуеннен оралу	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету .Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары,	Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру	«Жасыл баққа қонаққа» Балаларға кішкентай сукұйғыш беріледі. Олар жасанды немесе тірі гүлдің жанына барып су құяды.	Кітап оқу Міндеті: Балалардың сөйлеу дағдысын, сөздік қорын, қиялын және шығармашылық ойлауын дамыту	«Жануарды тамақтандыр» Міндеті – әр жануарға сәйкес тағамды таңдау арқылы ойлау қабілетін жетілдіру.	

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру	Тәрбиеші «гүл қуандық» деп қолын жайып, қуаныш қимылын көрсетеді.		
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу. Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту Кешкі ертегі, балалар қалауымен Бала өміріндегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу			

Ұйымдастырылған іс әрекеттер күні бойы жүргізіледі.

Тәрбиешілер: Айнадинова Гулбану Агимакызы
Жолдыбаева Жансая Серікқызы

Тексерілді: 
Әдіскер: Саттықова А.А

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: "№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Топ: Ересек «Балапан» тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 13.10 -17.10.2025

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Дәйексөз: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 13.10.2025	Сейсенбі 14.10.2025	Сәрсенбі 15.10.2025	Бейсенбі 16.10.2025	Жұма 17.10.2025
Балаларды қабылдау	Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру. https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-uly-zhibek-zholy-balbyrauyn/16477 Балаларды күлімдеп қарсы алып, көңіл-күйін көтеру, ата-анадан баланың жағдайы туралы қысқаша ақпарат алу, дене қызуын, жалпы жағдайын бақылау,				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға сенімділік пен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру. Балаға өз мүмкіндіктерін тануға көмектесу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу,.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу)	« Өнегелі 15 минут » Апта дәйексөзінің мағынасын түсіндіру, жаттату Міндеті: балаларға апта дәйексөзінің мағынасымен таныстыру, өмірмен байланыстыра түсіндіру.				

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>«Табиғатты аяла» Міндеті: Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Балалардың жақсы-жаман іс-әрекеттерді салыстырып айтуына жағдай жасау. (Жасыл балабақша жобасы)</p>	<p>Жолды тап» Міндеті: Кеңістікте бағдарлау қабілетін жетілдіру, логикалық ойлау мен шыдамдылықты дамыту, мақсатқа жету жолында ізденіске тәрбиелеу.</p>	<p>«Жинақтаушы» Міндеті: Ұқыптылыққа, тәртіпке үйрету, заттарды белгілі бір белгісіне қарай топтастыра білу дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>Отбасы Міндеті: Отбасындағы сыйластықты түсіндіру.</p>	<p>«Саусақтар мүсіншесі» – Саусақпен әртүрлі фигура жасау арқылы қиял мен шығармашылықты дамыту.</p>
Таңертенгі жаттығу	<p>Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні Таңғы жаттығу. №3 жиынтық</p>				
Таңғы ас	<p>«Өнегелі 15 минут» Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p>				
Ұйымдастырылған біс-әрекетке дайындық	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу. Балалардың әсерлерімен бөлісу, ойын әрекетіне заттар мен құралдарды дайындауға көмектесу.</p>				

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған еркін әрекет</p>	<p>Дене тәрбиесі қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру Қимылды ойын: «Кім тез жетеді»</p> <p>Тіл дамыту/ Көркем әдебиет Міндеті: ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Балаларды тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету «Бағдаршаммен саяхатқа шығамыз» ойыны ★ ызың және үнді дыбыстарды айтқызу</p> <p>Сурет салу Міндеті: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға үйрету</p> <p>Музыка</p>	<p>Дене тәрбиесі қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру Қимылды ойын: «Көліктер»</p> <p>Қазақ тілі Міндеті: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту «Мен балабақшаға көлікпен келемін» ойыны ★ Анық сөйлей білуді дамыту</p> <p>Математика негіздері Міндеті: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру</p>	<p>Тіл дамыту/ Көркем әдебиет Міндеті: қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну. Балалардың түрлі әрекеттерінде әңгімелерді тыңдауға баулу «Пойызбен саяхаттаймыз» ойыны</p> <p>★ қоршаған орта заттарын білуге үйрету</p> <p>Жапсыру Міндеті: Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, қиялды дамыту.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. «Сумен жүретін көліктер» ойыны</p> <p>Дене тәрбиесі қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру</p> <p>Құрастыру Міндеті: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, бөлшектерді орналастыруға үйрету;</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.</p>	<p>Тіл дамыту/ Көркем әдебиет Міндеті: көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға қалыптастыру «Ұшақтар самғайды» ойыны</p> <p>★ Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға қалыптастыру</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру</p> <p>Музыка Музыка тыңдау: Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету Ән айту: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен</p>
---	---	---	--	---	--

	<p>Музыка тыңдау: Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету Ән айту: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру Аспапта ойнау: Сылдырмақ</p>	<p>Мүсіндеу Міндеті: Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге үйрету Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: балаларға ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру</p>			<p>бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру Аспапта ойнау: Сылдырмақ</p>
Серуенге дайындық	<p>Балаларды өз бетінше киіндіру дағдыларын дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету), киімдерінің дұрыс киілуін ауа-райына қарап қадағалау. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету, қатармен жүруге қалыптастыру. Серуенге шығу (өзіне –өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				

Серуен	<p>Бағдаршамды бақылау Міндеті: тақырыпқа сай жұмбақ шешкізу, бағдаршамның жұмысы және түсті сигналдардың мақсаты туралы білімдерін бекіту Еңбек Бақшадағы қоқыстарды жинау бойынша ұжымдық жұмыс. Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын «Кел сақина, кел»</p>	<p>Көліктің әртүрлі түрлерін бақылау Міндеті:- құрлық көлігі, олардың классификациясы, мақсаты туралы білімдерін кеңейту; Еңбек Аулаға баратын жолды сыпыру Ұлттық қимылды ойын: «Сықырлы таяқ»</p>	<p>Пойызды бақылау Міндеті: бөбекжай-бақшамыздың жанындағы пойыз жолдан өткен пойыздарды бақылау Еңбек Құстарға қамқорлық жасау «Қауіпсіздік сабағы» Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Қимылды ойын: «Көліктер мен жолдар» Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын «Ақсерек-көксерек»</p>	<p>Жүргізушінің жұмысын бақылау Міндеті: көліктердің әртүрлі түрлерін басқаратын жүргізушілердің жұмысы туралы түсініктерін нақтылау; Еңбек: Таза алаң «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» аясында қыздарға бес тас, ер балаларды асықпен ойнату.</p>	<p>Жол көліктерінің қозғалысын бақылау Міндеті: жолда жүретін көлік түрлері, туралы ұғымдарын кеңейту Еңбек: Күзгі сарғайған жапырақтарды жинау. Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» аясында «Қыз қуу» ойынын ойнату</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың өздері шешінуін қадағалау «Өнегелі 15 минут» «Үнемді тұтыну» - балаларға суды, тамақты ысырап қылмай, үнемді тұтынуға ақпарат беріп, өзара әңгіме өткізу. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>				
Түскі ас	<p>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю «Өнегелі 15 минут» тамақтанып болғасын ас қайтару (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p>				
Күндізгі ұйқы	Жайлы музыка тыңдатып, ұйықтату	Балалардың денесін, жүйке жүйесін тынықтыру	«Түлкі мен тырна» ертегісі	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату	«Әлди –әлди ұйықтай ғой»

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету				
Бесін ас	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту «Өнегелі 15 минут» Үнемді тұтыну мақсаты: электроэнергияны, суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Түсіне қарап ажырат» Міндеті: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды қызықтап ойнау арқылы сипаттап түр-түсін, атауларын әңгімелеуге үйрету.	«Сыңарын тап» Міндеті: балалардың байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту	Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз»	Қауіпсіздік сабағы Тақырыбы: Бөтен адам есік қаққанда.. танымайтын адамға есік ашуға бола ма?» «Таныс және бейтаныс» суреттермен жұмыс	«Баулармен ойын» Міндеті: түсіне қарай ажыратып, моншақ жасау
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс Мустафаға сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға үйрету	Жеке баламен жұмыс Нұрханымға анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту	Жеке баламен жұмыс Мерейге жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты қалыптастыру	Жеке баламен жұмыс Мейірман мен Байтөреге ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруға үйрету.	Жеке баламен жұмыс Нұрасыл мен Аңсарға бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруге үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау				
Серуен	Қимылды ойын «Тыныс алу қимылдары» – Қимыл арқылы балалар тыныс алу мен қозғалысты үйлестіріп, дене дағдыларын жетілдіреді. Еркін ойындар	Ұлттық ойын- ұлт қазынасы: «Орамал тастау» Міндеті: Ептілік пен дәлдікті жетілдіру, дене қимылдарының үйлесімділігін дамыту, ойын арқылы көңілділік пен	Қимылды ойын «Қуыр-қуыр, қуырмаш» Міндеті: Саусақ моторикасын жетілдіру, ой-өрісін дамыту, қимыл мен қозғалыс үйлесімділігін	Қимылды ойын Жұмбақ жол» – Балалар жол бойымен қимылдар жасап, қиялын және дене үйлесімін жетілдіреді. Еркін ойындар Экологиялық мәдениетті	Қимылды ойын «Аударыспақ» Міндеті: Күш пен төзімділікті дамыту, батылдыққа тәрбиелеу, ептілік пен ережелерді сақтауға үйрету, дене дамуына ықпал ету. Еркін ойындар

		сергектікті арттыру. Ұлттық құндылықтарды дамыту дағдысын қалыптастыру Еркін ойындар	арттыру және көңілділік сезімін қалыптастыру. Еркін ойындар Қауіпсіздік дағдыларын дамыту	қалыптастыру	Қауіпсіздік дағдыларын дамыту
Серуеннен оралу	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету .Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Кітап бұрышындағы кітаптарды қарату Еркін ойындар	«Али мен Айя» мульттоптамасын көрсету» Еркін ойындар	«Таныс пішіндер доминоы» Еркін ойындар	Әр аптаның жұма күні балаларды тасымалдаушы көлікпен үйлеріне алып барып ата-анасына тапсыру	
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу. Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту Кешкі ертегі, балалар қалауымен Бала өміріндегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу				

Ұйымдастырылған іс әрекеттер күні бойы жүргізіледі.

Тәрбиешілер: Айнадинова Гулбану Агимақызы
Жолдыбаева Жансая Серікқызы

Тексерілді: 
Әдіскер: Саттықова А.А

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: "№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Топ: Ересек «Балапан» тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 20.10 -24.10.2025

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Дәйексөз: «Ұлттық ойын –ұлт қазынасы»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 20.10.2025	Сейсенбі 21.10.2025	Сәрсенбі 22.10.2025	Бейсенбі 23.10.2025	Жұма 24.10.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру Күй: Табиғат https://zvyki.com/song/175240038/Dombyra - tabi at k j/ Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	« Өнегелі 15 минут » Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме Баланың денсаулығы жайлы әңгіме Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	« Өнегелі 15 минут » Апта дәйексөзінің мағынасын түсіндіру, жаттату Міндеті: балаларға апта дәйексөзінің мағынасымен таныстыру, өмірмен байланыстыра түсіндіру. « Гүлдерге қамқор болайық » Балаларды гүлдермен таныстыру, олардың сұлулығын сезінуге, күтіп-баптауға, қорғауға тәрбиелеу.(Жасыл балабақша жобасы)	« Кімнің үйі бұл? » Міндеті: Балаларды жануарлар мен олардың тіршілік ортасымен таныстыру.Қоршаған орта туралы білімін кеңейту.Логикалық ойлау қабілетін дамыту.Байқағыштық ты арттыру	« Табиғат паздары » Міндеті:Логикалық ойлауды дамыту.Байқағыштық пен зейінін арттыру. Моториканы жетілдіру (пазлды жинау арқылы). Қоршаған орта туралы білімін кеңейту.	« Санамақ фишкалары » Міндеті: Балаларды сандармен таныстыру, санау дағдысын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту және математикалық ұғымдарға баулу.	« Түстерді сәйкестендір » Міндеті: Балалардың түстерді есте сақтап, дұрыс сәйкестендіру қабілетін жетілдіру, қиял мен зейінді дамыту
Таңертенгі жаттығу	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні Таңғы жаттығу. №4 жиынтық				
Таңғы ас	« Өнегелі 15 минут » Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
